

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2002 жылғы 20 ақпандағы N 185 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2002 жылғы 19 сәуірдегі N 394 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 20 мамырда тіркелді. Тіркеу N 1854. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 29 сәуірдегі N 311 бұйрығымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.04.29 N 311 бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2002 жылғы 21 ақпанда N 1758 V021758\_ мемлекеттік тіркеуден өткен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2002 жылғы 20 ақпандағы N 185 бұйрығын келісілуге Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің сын-пікіріне байланысты бұйырамын:

1. "Мемлекеттік қызметкерлер болып табылмайтын денсаулық сақтау қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі жөніндегі кейбір мәселелер" туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2002 жылғы 20 ақпандағы N 185 V021758\_ бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік қызметкерлер болып табылмайтын денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің мамандықтары бойынша жұмыс өтілін есептеудің ережесінде:

1-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Мамандық бойынша жұмыс өтіліне сол мамандық бойынша ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарға қарамастан мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары мен басқа да ұйымдардағы жұмыстың уақыты есептеледі.";

2-тармақтағы 1) тармақша "аспирантура" деген сөзден кейін ", клиникалық практикамен байланысты" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтағы "аспирантурадағы оқу" деген сөздер алынып тасталсын;

10-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) барлық деңгейдегі депутаттардың өкілеттіктерін жүзеге асыру уақыты";  
көрсетілген бұйрықпен бекітілген Денсаулық сақтау ұйымдары медициналық қызметкерлерінің кезекшіліктерін ұйымдастыру және оларға ақы төлеу ережесінде:

1-тармақтың 1) тармақшасында:

екінші абзацтағы "және мұндай жұмыс (кезекшілік) кестеде қарастырылмаған

жағдайда мерзімнен тыс болып табылмайды, соның ішінде басқа қызметкермен ауыстыру мүмкін болмағанда" деген сөздер алынып тасталсын;

үшінші абзацтағы "олардың негізгі жұмыс уақыттарынан тыс" деген сөздер алынып тасталсын;

төртінші абзацтағы "бір реттік мөлшерде" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қаржы департаменті (Литвиненко Т.В.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген сәттен бастап күшіне енеді және 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр А. Айдархановқа жүктелсін.

Келісілген

Қазақстан Республикасының      Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі      Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау вице-министрі

Мамандар:

Икебаева А.Ж.

Шарипова М.Е.